

Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2009 жылы тіркеуге алуды жүргізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының әкімінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 19 қаңтарда N 5-19-90 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қаңтардағы № 2/83 хаты

Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010.01.15 № 2/83 хаты.

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағы 13)-тармақшасына сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тұрғылықты мекен-жайы бойынша Шемонаиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркеуге алуы жүргізілсін және ұйымдастырылсын.

2. Тіркеуге алу жөніндегі комиссия құрамы 1-қосымшаға сәйкес ұйымдастырылсын және бекітілсін.

3. Тіркеуге алуды жүргізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Шемонаиха ауданының медициналық бірлестіктері» КМҚК директорына (Т.М. Абайделдінов, келісім бойынша):

1) медициналық комиссияны білікті маман-дәрігерлермен, орта дәрігерлік мамандармен, қажетті жабдықтармен, құрал-саймандармен және дәрі-дәрмектермен жасақтау;

2) әскерге шақырушыларды клиникалық тексеру және емдеу үшін ауданның медициналық мекемелерінде қажетті төсек-орын санының бөлінуін қамтамасыз ету;

3) тіркеуге алу аяқталғаннан кейін әскерге шақырылғанға дейінгілерді емдеу үшін маман-дәрігерлерді тағайындау;

4) 2009 жылы тіркеуге алынатын азаматтарды емдеу және медициналық

куәландыруды өткізетін емдеу мекемесінің базасын анықтау ұсынылсын.

5. Ауданның қала, кенттер, ауылдық округтерінің әкімдеріне, білім беру ұйымдары басшыларына, әскери-есеп үстелінің мамандары мен оқу орындарының әскери басшыларының алып баруымен жасөспірімдердің тіркеуге алу комиссиясына уақытында келуі мен күні туралы хабарлау қамтамасыз етілсін.

6. «Шығыс Қазақстан облысы Ішкі істер департаментінің Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі» ММ бастығына (Қ.Т. Синиязов, келісім бойынша) медициналық комиссия жұмысы кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтау қамтамасыз етілсін, қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының хабарландыруы бойынша тіркеуден бас тартқан азаматтарды іздестіру және қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақыру учаскесіне жеткізуге көмек көрсетілсін.

7. Шемонаиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығына (М.Д. Чурбанов, келісім бойынша), Шемонаиха ауданының білім беру бөлімінің бастығына (Т.Д. Колтунова), тіркеуге алу кезеңінде әскери-оқу орындарына кандидаттарды іріктеуді жүргізу ұсынылсын.

8. Аудандық қаржы бөліміне (Н.Р. Крузмягина) жасалған шарттардың негізінде және 2009 жылға арналған аудан бюджетімен анықталған бөлінген қаржы шегінде тіркеуге алу, медициналық комиссия жұмысын, техникалық қызметкерлерге және қызмет көрсететін персоналға еңбекақыны қаржыландыру қамтамасыз етілсін.

9. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары Л.А. Беляеваға жүктелсін.

10. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі

Г. Ермолаев

Келісілді:

Шемонаиха ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы М. Чурбанов

Шемонаиха ауданы ішкі

істер бөлімінің бастығы Қ. Синиязов

Шемонаиха ауданы әкімінің

2009 жылғы 09 қаңтардағы

№ 2 шешіміне

1-қосымша

Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын жылы 17 жасқа толатын, ер азаматтарды 2009 жылы тіркеуге алуды жүргізу жөніндегі комиссия ҚҰРАМЫ

Чурбанов Марат Дәулетқанұлы

Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы;

Беляева Любовь Алексеевна

аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Бекпау Қанат Тұрсынқанұлы

Шемонаиха ауданы ішкі істер бөлімінің орынбасары (келісім бойынша);

Жампеисова Төлеужамал Ағзамқызы

аудандық терапевт, медициналық комиссия төрайымы (келісім бойынша);

Соколова Гүлбану Степановна

медицина медбикесі, медициналық комиссия хатшысы (келісім бойынша).

Шемонаиха ауданының әкімі

Г. Ермолаев

Ш е м о н а и х а

а у д а н ы

ә к і м і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

0 9

қ а ң т а р д а ғы

№

2

ш е ш і м і н е

2-қосымша

Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің шақыру учаскесіне тіркеуге алынатын жылы 17 жасқа толатын, ер азаматтарды 2009 жылы тіркеуге а л у д ы ж ү р г і з у

КЕСТЕСІ

№ р/с	Ауыл/кент округтері, оқу орын. атаулары	барлы ғы	26.01	27.01	28.01	29.01	30.01	02.02	03.02	04.02
1	Вавилон	25	25							
2	Волчанка	19	19							
3	Зевакино	16	6	10						
4	Каменевка	19		19						
5	Октябрьский	14		14						
6	Выдриха	13		7	6					
7	Верх-Уба	12			12					
8	Усть-Таловка	55			32	23				
9	Разин	17				17				
10	Первомайский	36				10	26			

11	Шемонаиха қ.	143					24	50	50	19
	Барлығы:	369	50	50	50	50	50	50	50	19

№ р/с	Ауыл/кент округтері, оқу орын. атаулары	барлы ғы	05.02	11.02	18.02	25.02	04.03	11.03	18.03	25.03
1	Вавилон	25								
2	Волчанка	19	ке							
3	Зевакино	16		л						
4	Каменевка	19			меу					
5	Октябрьский	14								
6	Выдриха	13				ку				
7	Верх-Уба	12					ә			
8	Усть-Таловка	55						лан		
9	Разин	17							ды	
10	Первомайский	36								ру
11	Шемонаиха қ.	143								
	Барлығы:	369								

*Шемонаиха ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімінің бастығы М. Чурбанов*